

«Алтын бесік 1» бөбекжай балабақшасы

Менің педагогикалық тұлғалық орным

Тренинг сабақ
Әдістемелік кеңес



Кенен

Менің педагогикалық тұлғалық орным **Тренинг сабақ**

Мақсаты: Жас мамандарға кәсіби орнығуға, бейімделуге, педагогикалық шеберлігінің қалыпты дамуына кеңес беру, көмек беру.

Міндеттері: Бір-біріне деген сенімділік, адамгершілік қарым-қатынастарын қалыптастыру.

Психологиялық педагогикалық көмек көрсету.

Шығармашылыққа бағыт бағдар беру.

Ойын: «Өз жұбыңды тап»

Қатысушыларға өлеңді теріс қаратып беріп, қалаулары бойынша парак таратылады. Бір парақта өлеңнің алғашқы екі жолы жазылады, жалғасы кімде сол тауып жалғастырып айтады.

Ой толғау:

Педагогикалық әдеп дегенді қалай түсінесіз?

Педагогикалық қабілеттер дегенді қалай түсінесіздер?

Жаңашыл тәрбиеші дегенді қалай түсінесіз?

Ақыл-адам көрігі, ақылдың сабыр серігі. М. Әуезов

Адам пенде болған соң көптеген өмірде келеңсіздіктерге бой алдырады. Соның бірі, адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынасқа, өкпе-ренішке нұқсан келтіріп, өзара түсініспеушілік туып жатады. Сол себепті өкпе, ренішке бой алдырмай адамдарға түсіністікпен, құрметпен қарау керек. Өкпе, реніш адамның көңіл-күйіне, денсаулығына кері әсерін тигізеді. Айналаңа ылғи өкпе, ренішпен қарау, риза болмау түрлі ауруларға шалдықтырады.

Кемшіліксіз адам болмайды. Білмегендіктен қателесу болады. Қателесу кінәлі болу. Ал енді кінәсін мойындау әркімнің қолынан келе бермейді. Ал қатесін түсініп, түзету ақылдылықтың, қайраттылықтың белгісі.

Іс-әрекеттің байбына бара алатын, ұстамды, сабырлы, ақылды, жақсы мен жаманның арасын айыра алатын, әрі іске дұрыс баға бере білетін адамды нағыз ақылды адам дей аламыз

Тренинг «Ашуды шарлар»

Шарды үрлеп оны байлаңыздар . Шар адамның денесі. Ал ішіндегі ауа сендердің ашуланып тұрған кездегі сезімдерің. Енді оны аяқпен басып жарындар.

Қандай сезімде болдыңдар?

Ашудың осылай шыққаны дұрыс па?

Ондай ашудан кейін қандай көңіл күй болады?

Қатты жарылған шар-агрессияны білдіреді. Бұл дұрыс емес.

Енді шарды алып қайта үрлеңіз , байламаңыз жай ғана жартысын жіберіңіз.

Шар кішірейді, бірақ жарылмады. Бұл нені білдіреді?

Біз ашуды бақылып шығарсақ, ол ешкімге зиян келтірмейді.

Енді ауаны толық шығарып жіберіңіз.

Бұл нені білдіреді?

Бұл ашудың ешбір зиянсыз шығып кеткенін білдіреді?

Ашудың қауіпсіз жолмен шығуын табу өз қолыңызда.

Тест: Суреттен не байқадыңыз?

Ең алдымен не көрдіңіз соған қарай сіздің сезімдеріңіз қандай екенін айтып береді.

Қорытынды: Тәрбиешілер тренингтен алған әсерлерімен бөліседі. Қандай күйде болды; енді қандай ой түйгендерін.

Суреттен не көрдіңіз? (психологиялық тест)

Суретке қарап, өзі туралы ақпарат алу. Бұл жолы бірінші не байқадыңыз?

Ұл мен қыз – сіз романтиксіз. Шексіз де мөлдір махаббатты қалайсыз. Өзіңіздің қарым-қатынасыңызды қалай құруды, ұрыс-керіс болдырмау жолдарын білесіз.

Ғажайып махаббат пен бақыт құрастырушысысыз.

Бас сүйегі. Сіз жұмбақ, құпия, тылсымға толы әлемді жақсы көресіз. Өзіңіз де жұмбақ жансыз, Сізге ешкімнің тісі батпайды. Бойыңызда үнемі айтып жеткізгісіз бірдеңе жатады.

Шарлар – арман. Сіз армандағанды, бәрінен бұрын оны шындыққа айналдыруды, жүзеге асыруды жақсы көресіз.

Құстар – бостандық. Сіз өзіңізді үнемі еркін адам сезінесіз. Мына әлемді, өмірді сүйесіз. Қырандай еркін, тауыстай тартымдысыз. Алдыңыздан барлық есік ашық тұрады.

